

ҚАЗАҚТЫҢ
АТА ЗАҢДАРЫ



ДРЕВНИЙ МИР ПРАВА КАЗАХОВ

ESKI KAZAK HUKUK DÜNYASI

THE ANCIENT WORLD OF THE KAZAKH LAW



«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылып отыр

Алматы
«Жеті жарғы»
2006

«Мәдени мұра»

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары

Бас редакциясының алқасы

Құл-Мұхаммед Мұхтар, *төраға*

Досжан Ардақ, *төрағаның орынбасары*

Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

Абдрахманов Сауытбек

Аяған Бүркіт

Әбусейітова Меруерт

Әжіғали Серік

Әйтімова Бірғаным

Әлімбаев Нұрсан

Әуезов Мұрат

Базылхан Нәпіл

Байпақов Карл

Биекенов Кеңес

Ертісбаев Ермұхамет

Кенжеғозин Марат

Қасқабасов Сейіт

Қойгелдиев Мәмбет

Нысанбаев Әбдімәлік

Өмірбеков Байтұрсын

Салғара Қойшығара

Сариева Рысты

Сейдімбек Ақселеу

Сұлтанов Қуаныш

Таймағамбетов Жәкен

Тұяқбаева Баян

Хұсайынов Көбей

ҚАЗАҚТЫҢ АТА ЗАҢДАРЫ

ДРЕВНИЙ МИР ПРАВА КАЗАХОВ
ESKI KAZAK HUKUK DÜNYASI
THE ANCIENT WORLD OF THE KAZAKH LAW



ҚҰЖАТТАР, ДЕРЕКТЕР МАТЕРИАЛЫ, ДОКУМЕНТЫ
ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУЛЕР И ИССЛЕДОВАНИЯ
ОН ТОМДЫҚ В ДЕСЯТИ ТОМАХ

VIII ТОМ

Бас редакторы және «Бағдарлама» жетекшісі
Ұлттық Ғылым академиясының академигі Зиманов С.З.

Главный редактор, руководитель «Программы»
академик Национальной академии наук Республики Казахстан
С.З. Зиманов

Том жетекшісі Зиманов С.З.

Руководитель тома С.З. Зиманов

Әзірлеушілер: Зиманов С.З., Хайдаров Б.К., Дауталиев Қ.Н.

Подготовили: С.З. Зиманов, Б.К. Хайдаров, К.Н. Дауталиев

Редакция алқасы:

Редакционная коллегия:

Зиманов С.З., заң ғылымдарының докторы;

Зиманов С.З., доктор юридических наук;

Әбішев К.А., заң ғылымдарының кандидаты;

Абишев К.А., кандидат юридических наук;

Құл-Мұхаммед М.А., заң ғылымдарының докторы;

Кул-Мухаммед М.А., доктор юридических наук;

Мәми Қ.А., заң ғылымдарының докторы,

Мами К.А., доктор юридических наук,

Мұхамеджанов Б.Ә., заң ғылымдарының кандидаты;

Мухамеджанов Б.А., кандидат юридических наук;

Нәрікбаев М.С., заң ғылымдарының докторы;

Нарикбаев М.С., доктор юридических наук;

Сапарғалиев Ғ.С., заң ғылымдарының докторы,

Сапарғалиев Ғ.С., доктор юридических наук,

Сафинов Қ.Б., заң ғылымдарының докторы

Сафинов К.Б., доктор юридических наук

ББК 67.400
Қ 19

«ИНТЕЛЛЕКТУАЛ — ПАРАСАТ» ЗАҢ КОМПАНИЯСЫ
ЮРИДИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ «ИНТЕЛЛЕКТУАЛ — ПАРАСАТ»

Қ 19 **Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер=Древний мир права казахов.** Материалы, документы и исследования. 10 томдық. /Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С. З. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша.— Алматы: Жеті жарғы, 2006. («Интеллектуал—Парасат» заң компаниясы). 8-том.—2006.—424 бет.
ISBN 9965-11-248-7

Бұл томда Қазақ құқығының басты кейіпкері әрі авторы саналатын билер, шешендер мен жыраулардың терең ойларымен нақыл, өсиет сөздері туралы мәліметтер беріледі.

Көптомдық еңбек далалық дана философия мен заңды қалыптастырған билер мен қазақ құқығын зерттеуші ғалымдарға, оқытушыларға, жоғары және орта оқу орындарының студенттеріне және қазақ тарихын сүйіп оқитын көпшілікке арналған.

Қ $\frac{1203020100-004}{419(05)-2006}$ 30—2006

ББК 67.400

© «Жеті жарғы» ЖШС, 2006

© Авторлар ұжымы, 2006

© Зиманов С.З., Хайдаров Б. К., Дауталиев Қ.Н.,
кұраст., 2006

ISBN 9965-11-248-7 (Т. 8)
ISBN 9965-11-141-3

© Көркемдік безендірілуі, «Баур плюс» ЖШС, 2006

АЛҒЫ СӨЗ

Көшпенді қазақтардың тұрмыс-салты мен даму жолындағы бірегей ерекшеліктерінің көрнектісі — дәстүрлі шешендік өнері. Көшпенділердің отбасы-мұрагерлік, ру-тайпалық және корпоративті қауымдастықтарына қайсысы күштірек әсер ететін еді: елді басқарушылар ма, әлде шешендік сөздің майталмандары ма?.. Бұл сауалға нақты жауап беру оңайға түспес... Меніңше, риторика билігінің маңыздылығы да, мәртебесі де күштірек. Сондықтан кез келген көшпенді бесіктен белі шықпай жатып қоғам алдындағы атақ пен беделдің құралы болып табылатын шешендік өнерін игеруге талпынған. Ал солардың арасындағы ең талаптылары белгілі даналардың алдында сынаққа түсіп, сүрінбей өткендерінің даңқтары өсе беретін еді. Тіпті кейбіреуі би болып сайланып, өз аймағындағы мәртебелі адамға айналатын.

Тарихи естеліктер мен фольклорлық және жазба әдебиеттерде қазақтың би-қазыларын «от ауызды, орақ тілді ділмарлар» деп жоғары бағалаған. Қазақ билері түрлі пікірталастарда ұшқыр ой, салиқалы сөз айтып, ұтымды байлам жасай білген. Дала көшпенділері «қара қылды қақ жаратын» қазыларға ерекше құрметпен қараған.

«Қазақтың ата заңдары» — «Древний мир права казахов» көптомдығының алдыңғы томдарында ортағасыр көшпенділері болып табылатын Шығыс Дешті-Қыпшақ — Дала қазақтарының көршілес басқа көшпенділерге ұқсамайтын ерекшеліктері мен ортақ қасиеттері туралы сөз еткен едік. Барлығының жолы бір болатын, бірақ әрбір этникалық қауымдастық көшпелі өмірді өзінше игерді. Көшпенді қазақтардың сана-салты мен өзіндік рухани әлемінің қалыптасуына Орталық Азия солтүстігіндегі орманды өлкелердің кең жайылым кеңістіктері мен Сырдария және Амудария өзендері жағасындағы құнарлы да шұрайлы жерлері үлкен үлес қосты. Байырғы қазақтарға тән тарихи қасиет — бостандық пен бейбіт өмірге деген бейімділігі.

Көптеген деректерге сәйкес, қазақтар этникалық қауымдастық ретінде өз заманындағы өжеттердің негізгі аморфті саяси қоғамдастықтарынан бөлініп, бостандық пен бос жатқан жайылымдарды іздеп шыққан көшпелі топтардың бірігуінен бастау алған. Осылайша өркендеген қазақ көшпенділерінің қоғамында екі өзекті процесс табиғи түрде дамып, қанат жайды ол — Сөз құдіреті мен Заң құдіреті. Осы процестер барысында өздерінің алғырлығы мен ел алдындағы беделі арқылы атағы шыққан «элиталық» топ, яғни билер шағын және үлкен көшпелі топтардың сот және басқару билігін өз қолдарына алып,

әлеуметтік күштер мен факторлар арасында алдыңғы рөлге шықты. Жоғары мәртебелі — Сөз, яғни оның бұқара санасына терең әсер етіп, көшпенділерді көндіре білу қасиеті қандай, шіркін!.. Дәл осы қасиеті үшін Сөз өнері халықтың рухани өмірінің негізгі бөлігіне айналды. Билер — риторика рухының алғашқы иегерлері және жарғы негізінде жасалған қоғамдағы сот билігінің қалыптасуына арқау болған адамдар.

Бұл томға билердің шешендігін суреттеумен қатар кейбір оқиғалар және қатардағы қызметкерге ғана емес, ел басқарып, билік тізгінін ұстап отырғандар үшін де тәлім-тәрбиелік маңызы зор сөздері енгізілген. Олар үйрету, моральдық ереже және ұстаным стилімен жылдам жатталатын рифмдік формалар түрінде жазылды. Мәселен, Дала халқына етене таныс ұлы билердің айтқандары келесі қанатты сөздері арқылы берілді:

«Біліп айтқан сөзге құн жетпейді, тауып айтқан сөзге шын жетпейді» /Төле би 1663 — 1756/;

«Атадан жақсы ұл туса — елінің туы болады, атадан жаман ұл туса — көшінің соңы болады» Қазыбек би /1666 — 1763/;

«Жігіттің жақсысы — дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны да сөзге тоқтата білген» Әйтеке би /1667 — 1727/;

«Ел иесі құт болса — халқы ала болмайды» Бұқар би (1685 — 1777).

Би атағына сайлау арқылы немесе басқарушының марапатымен емес, өз күші және адалдығы арқасында түрлі сынақтардан өтіп, әділ шешімдер шығару арқылы ғана қол жеткізген. Бұл атаққа бала кезінен баулыған. Отбасында ғана емес, соттық істермен дала кезіп жүрген би-даналардың мектептерінен де тәлім-тәрбие алу керек еді.

Өсе келе талапкерлер көшпелі қазақтар қоғамында кең таралған талас-тартыстарға ұтқыр шешім, ұтымды байлам жасау арқылы өздерінің дарындары мен даралықтарын дәлелдей білулері тиіс. Болашақ би шынайы және абстрактілі сауалдарға қисынды жауап беріп, өзгелерді көндіре алатындай шешендік сөздің шебері болуы қажет. Осындай мүмкіндіктер негізінде шешендік пен ойшылдық қалыптасатын. Билер дәл осындай қасиеттерімен әлеумет арасынан суырылып шығып, табиғи жолмен Даланың қоғамдық-саяси өміріндегі қазыларына айнала білді.

Атқарған қызметі мен атағына байланысты билер қоғамдық-саяси иерархияның түрлі сатыларына бөлінетін. Олардың арасында дүйім жұртқа әйгілісі, яғни жалпы халыққа қазылық ететіні, жүздік, аймақтық немесе жергілікті билер болды. Қазақтың сот жүйесімен таныс орыс ғалымдары мен шенеуніктерінің «билер — заңгер, заңтанушы және қазақтың құқық жиынтығы жарғыны талқылаушысы» деген сөздері, ең алдымен, билер табының жүйріктері, яғни жоғарғы бөлігіне арнап айтылған. Бұл биік сатыға көтерілу — қиынның қияметі еді, сот істерінде ақиқат пен әділдікті дөп басу дарынымен ғана жетуге болатын. Оның шығу тегі мен шені жайлы емес, ең қиын талас-тартыстың шырмауынан алып шыға алатын, таласушы екі жақты да қанағаттандыра алатын шешім қабылдап, тоқтам жасау таланты туралы халық түгелдей тамсана, масаттана айтуы тиіс. Өз шешімінің әділдігін дәлелдеу әдісі мен оны жеткізу барысындағы

сөз қисынына, ел мойындаған жалпы қазақтық немесе аймақтық беделді де белді билердің сөздеріне сүйеніп, шешендік өнердің дәстүрлі құралдарын пайдаланып, талас-тартыс, араздықтан бейбітшілік пен өзара сыйластық, ынтымақтастық қарым-қатынасына көшуге көндіре білу қабілетіне де ерекше мән берілген. Бұл қазіргі және болашақ ұрпақ үшін қажет еді.

*ҚР ҰҒА-ның академигі
ЗИМАНОВ С.З.*

Предисловие

Одной из оригинальных особенностей эволюции и бытия казахского кочевого общества является традиционная сила слова и красноречия в нем, ставшие естественной принадлежностью в различных сферах взаимоотношений и жизнедеятельности его населения. Нелегко ответить на вопрос о том, что было больше и действеннее в семейно-клановых, общинно-родовых и корпоративных объединениях кочевников: влияние власти правителей или влияние власти словесности и красноречия. Пожалуй, власть риторики была более действенна и могущественна. Поэтому каждый степняк с рождения стремился освоить традицию говорения и красноречия как инструмента общественного признания. Преуспевающие среди них и претендующие на большие общественные признания пройдя этапы испытаний перед известными мудрецами, становились знатными, а отдельные — биями-судьями, т.е. обладателями самой высокой общественной должности в своих регионах.

За казахскими биями в народной исторической памяти, в фольклорной и письменной литературе разных лет закрепилось титулованное название «от ауызды, орақ тілді ділмарлар», что трудно перевести текстуально и означает что-де они произносят «огненные речи», т.е. являются златоустами и секут словами спорящих как «каленая коса», т.е. обладают даром вести победные диалоги в состязаниях. В этом образе биев предельно немного преувеличений. На самом деле бии, классные их представители были именно такими, достигшими познания мастерами (ділмарлар) в характерном понимании степных кочевников.

В предыдущих томах данного «Многотомника» мы не раз упоминали и описывали общие для средневековых кочевников черты у казахов Восточного Дент-Кипчака — Степного края и вместе с тем значительные их особенности исторического пути, жизненных циклов, отличавшие их во многом от соседних кочевников центрально-азиатского региона. Путь всех их был один, но каждое этническое сообщество по-разному осваивало кочевую жизнь. На формирование образов мышления и на стандарты духовности казахского кочевого общества и кочевников значительное влияние оказывало огромное пастбищное пространство, достигшее просторов вечных лесных зон на севере, плодотворных долин и обетованных земель в бассейне великих рек Сыр-Дарьи, Аму-Дарьи на юге Центральной Азии. В облике казахов-кочевников отложились исконно-исторические черты свободолюбия и приверженности к мирной жизни — казахи по многим данным в далеком прошлом как этническая общность формировались

от кочевых групп и коллективов, отколовшихся в поисках свободы и свободных пастбищных земель от основных аморфных политических объединений удальцов. На этой пространственной и временной базе в среде общества казахских кочевников формировались и утверждались два незаурядных процесса с естественными началами: Царство слова и Царство законности. На поле этих процессов из числа социальных сил и факторов ведущую роль играли бии — выделенная по знатности и «небесному» знанию «элитная» прослойка общества, фактически сосредоточившая в своих руках судебную-управленческую власть в малых и больших кочевых коллективах, к этому их привели индивидуальное преуспевание и общественное признание. Такова была историческая роль биев, возвышающая их сан и искусство народовластия. Громадный авторитет слова, т.е. сила его восприятия массой и влияния на сознание, убеждение кочевников, превращали словесность в составную часть духовности населения. Бии были первыми носителями монопольного духа риторики и консолидирующей общество судебной власти, основанной на нормах казахского права «Жарғы», вобравших во многом идеалы естественной школы правды и народности.

В настоящий том включены не столько образы красноречия биев, сколько некоторые прецедентные и нравственно-назидательные высказывания некоторых из них, обращенные подданным и тем, в руках которых находилась власть. Они изложены в стиле поучения, моральных правил и установок, выраженных в легко запоминающихся рифмованных формах. Так, например, в уста великих биев, имена которых были известны во всех частях обширной Степи, вложены следующие наставления: Толе би (1613 — 1756) — «Біліп айтқан сөзге құн жетпейді, тауып айтқан сөзге шын жетпейді» — «Бесценны слова, высказанные сознанием, нельзя их заменить никакими вещественными возмещениями, точно также в правдах мыслях правда бесконечна»; Казыбек-би (1666 — 1763) — «Атадан жақсы ұл туса — елінің туы болады, атадан жаман ұл туса — көшінің ең соңы болады» — «Если родится достойный ребенок — он станет знаменем славы народа, а если родится никчемный ребенок — он будет замыкающим в кочевьях»; Әйтеке би (1667 — 1727) — «Жігіттің жақсысы — дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны да сөзге тоқтата білген» — «Умным из мужчин может считаться тот, кто внемлет разуму слова и других может убеждать словами»; Бұхар би (1685 — 1777) — «Ел иесі құт болса — халқы ала болмайды» — «Если благороден — то меньше раздоров среди его подданных».

Звание бия не присваивалось по выбору или грамотой правителей. Оно зарабатывалось личной заслугой, оцененной как пройдя ряд испытательных ступеней, так и достоинством верности к справедливым поступкам. Воспитание будущих претендентов на звание начиналось с малых лет как в семье, так и в кастовых и клановых «школах» бывалых мудрецов-биев, часто разъезжающих по степи по судебным делам. По мере взросления они должны были подтвердить свое дарование, находимое для разрешения споров и конфликтов, распространенных в кочевом обществе казахов. Будущий бий должен был учиться и овладеть важным комплексом интеллектуальных качеств, такими как умение находить и строить логически стройные ответы на жизненные и абстрактные

вопросы, способностью говорить убедительно и убеждать других. На этой базе формировались красноречие и тяга к саморазмышлению. Именно этими качествами выделялись бии из среды других социальных слоев населения и естественным путем становились судьями и арбитрами в общественно-политической жизни Степного края.

В зависимости от услуг и знатности бии занимали различные ступени в общественно-политической иерархии. Среди них были знаменитые, менее знаменитые, общеказахские, жузовские, региональные, местные. Слова русских ученых и чиновников, знакомых с традициями казахского судоустройства о том, что бии были и судьями, юристами, законооведами и толкователями норм казахского права «Жарғы», относятся в первую очередь к биям, представлявшим «командную», верхнюю часть прослойки биев. Достичь этой ступени было трудно и зависело исключительно от дарования и умения воплотить правду и справедливость в реальных судебных делах. О нем должна была заговорить вся степь, не о знатности или происхождении, а о таланте находить консолидирующие общественность и нередко нестандартные решения в самых запутанных и сложных конфликтных делах, в равной степени в меру удовлетворяющих интересы противоборствующих сторон. Причем, не менее главными при этом считались сам метод и словесная логика обоснования такого решения как со ссылкой на высказывания и прецеденты всеказахских или региональных авторитетов, признанных народными трибунами и судьями, так и путем применения традиционных инструментариев красноречия, необходимых и доказывающих необходимость перейти от конфликтов и споров к мирным и лояльным отношениям между кочевыми коллективами и семейно-родовыми ветвями ради настоящего и будущих поколений.

*С.З. ЗИМАНОВ,
академик НАН РК*

Ö n s ö z

Kazak göçmen topluluğun hayatının ve daha ileri gelişmesinin ayrıca hususiyetinin biri, halkın yaşam tarzında ve bir biriyle temasların değişik alanlarında tabii ve gerçek bir mensubiyet olan söylendiği sözün ve bu arada belagat sahipliliğinin geleneksel kuvvetidir. Göçmen toplumdaki aile-nesil, toplum-kabile ve korporativ birliklerinde hükümdar idaresinin etkisi mi çok oldu yoksa söz kuvvetiyle belagatı daha etkili oldu mu sorusuna şimdi cevap vermek kolay değildir. Bizim fikrimizce belagat ilmin sözü daha müessir ve daha kudretliymiş. Onun içindir ki, istekte yaşıyan herkes doğum anından itibaren genel bir saygı kazanmanın büyük bir aleti olan söz ve belagat sanatın geleneğini öğrenmeye, bunun esasını iyice tanımaya çalışmıştır. Bu hususta başarılı olup halk tarafından tanınmış olmak doğrultusunda hak iddiasında olanların biri meşhur düşünürlerin verdiği tüm ödevi yerine getirerek ünlü soylu olarak halka yardım etmişlerdir, biri de hakim-bi'ler olmuşlar, yani bunlar kendi bölgelerinde en yüksek sosyal göreve sahip olmuşlardır.

Halkın tarihi hatırasında, çeşitli yılların halk ve yazılı edebiyatında kazak bi'leri hakkında söylenirken onlara «ot auyızdı, orak tildi dilmarlar» gibi ünvanlı ad verilip perçinleştirilmiştir. Bu deyimini çevirmek kolay değil, ama bunun manası şöyledir ki, bi'ler «ateşli konuşmalarıyla», kesin ve sert sözleri söyliyerek tarafların arasındaki anlaşmazlıkları çözer, yani bunlar yarışmalarda diyalogları kazanacak şekilde yürütme istidatına sahip olurlar. Bi'leri bu kadar yükseltme işinde abartmalar pek az olabilir. Çünkü gerçekten bi'ler, onların tipik temsilcileri tam böyle olmuşlar, onlar istep göçmenlerin kendilerine has anlama göre işinin ustaları, bilginleri (dilmarları) olmuşlar.

Sunulmakta olan «Çokciltliğin» daha önceki ciltlerinde orta asırlarda yaşıyan göçmenlere has özelliklerin İstep bölgesinin Doğu Deşti-Kıpçak kazaklarında bulunduğunu birkaç kere kaydedip yazmıştık. Bununla beraber bu kazakların komşu orta asyalı bölgelerin göçmenlerinden farklı olup onlardan ayrı olan tarihi yollarını, hayati tarzlarının önemli ve hususi özelliklerini de tasvir etmiştik. Bütün bunların aslında manası birdi, fakat her etnik topluluk göçebe hayatına farklı yol ve tarzlarla alışmıştır. Kazak göçebe topluluğu ile göçebelerin düşünüş şekillerinin ve manevi standartlarının oluşmasını etkileyenler içinde ayrıca kaydedilebilecek şudur ki, kuzeyde ebedi orman bölgelerine kadar ve Orta Asyanın güneyinde büyük nehirler olan Sır-Derya ile Amu-Derya'ların havzasındaki verimli vadi ve adanmış ülkeye kadar uzanan kocaman otlak boşluklar. Göçmen kazakların dış biçiminde kazaklara has hürriyetseverliğin tarihi özellikleri ile barış hayata meyiliği görünüyordu —

kazaklar zaten çok bilgilere göre eski zamandan beri etnik grup olarak göçmen grup ve toplumlardan oluşmuşlar. Bu grup ve toplumlar hürriyet ve boş mera ve toprakları aramak amacıyla babayiğitlerin esaslı amorflu siyasi birliklerinden ayrılmışlardır. Toprak ve zaman bakımından bu kocaman boşluk esnasında kazak göçmen topluluğu içinde tabii başlanması olan iki seçkin bir seyir oluşup meydana gelmiştir: Söz dünyası ve Kanuniyet dünyası. Bu iki dünya içinde yürütülmüş muameleler esnasında sosyal güç ve faktörler arasında en önemli rolü zedegarlığı ile «göksel» bilimliliğine göre toplumun ileri çıkmış «yüksek» tabakası olup fiilen ellerinde küçük ve büyük göçmen topluluğun adliye-idari hükümetini tutmuş olan bi'ler oynamışlar. Bu duruma bi'leri kendilerinin şahsen istidatlı olmaları ile toplum tarafından tanınmış oldukları getirmiştir. Halk egemenliği sanatını ve böylece kendilerinin ünvanını yükseltmekte bi'lerin tarihi rolü böyleydi. Söz dünyasının sözsüz büyük otoritesi, yani sözün kütle tarafından kabul edilip onun halk şuuruna etkisi, göçmenleri inandırma gücü Sözü halkın manevi hayatının esas parçasına çevirmiştir. Bi'ler, belagat ilmin tekel ruhunun ve toplumu bir araya getirip biriktiren adliye hükümetinin birinci taşıyıcısı idiler. Bu adliye hükümeti, çoğu halde gerçi ile demokrasinin tabii okulun ideallerini içeren kazak «jargı» hukuğu kaideleri temelinde kurulmuştur.

Sunmakta olduğumuz cilde bi'lerin belagat sahipliliğinin örneklerinden daha çok bazı bi'lerin tebaalara ve ellerinde hükümeti tutmuş olanlara hitaben ifade edilmiş emsali olmıyan ve ahlaki nasihat sözleri alınmıştır. Bi'lerin bu sözleri çabuk ezberlenen kafiye itibariyle birbirine uydurulmuş olan öğüt, manevi kural ve kaideleri şeklinde ifade edilmiştir. İşte, örneğin, adı kocaman İstep bölgesinde tanınmış olan meşhur bi'lerin sözleri olarak aşağıdaki nasihatlar verilmiştir: «Bilip aytkan sözge kun jetpeydi, tauyip aytkan sözge şın jetpeydi» (Tole bi 16613 — 1756 yy.) — «Bilerek ve akılla söylenmiş söze gün yetmez, isabetli sözler için hakikat yetmez»; (Kazıbek bi 1666 — 1763yy.) — «Atadan jaksı ul tusa — elinin tuyı boladı, atadan jaman ul tusa — koşinin en sonı boladı» — «Atadan dünyaya şayan oğlan gelirse ülkesinin bayrağı olur, kötü bir oğlan doğarsa göçün en sonunda gelir»; Ayteke bi (1667 — 1727yy.) — «Jigittin jaksısı — durıs sözge toktay bilgen, baskanıda sözge toktata bilgen» — «İğit akıllı sayılır, eğer doğru söze kendisini tutabilir ve başkalarını da sözle inandırır»; Buhar bi (1685 — 1777 yy.) — «El iyesi kut bolsa — halkı ala bolmaydı» — «Ülkeye sahip olan necip olursa — halkı arasında anlaşmazlık olmaz».

Bi ünvanı seçim neticesinde veya hükümdarın şeref diploması üzere verilmiyordu. Bu ünvanı bi-hakim birkaç sınav aşamalardan geçerek ve kendisini adaletli hareketlere hazır olduğunu ve bunu yapacağını göstererek şahsi üstün yararlıkla kazanırdı. Gelecekte hakim-bi ünvanını almak isteyen talipler küçükken hazırlanırdı. Onlar ilk önce ailede terbiyelenirdi, sonra adliye işlerle istepi bir ucundan diğer ucuna kadar gezmiş tecrübeli akıllı bi'lerin yanındaki kast ve klan «mekteplerinde» ders alırdı. Büyüyürken göçmen kazak topluluğunda geniş şekilde dağıtılmakta olan münakaşa ile anlaşmazlıkları çözmek için gerekli olan yeteneğini teyit etmeleri gerekirdi. Gelecek bi okula gidip hayati ve abstrakt sorulara mantıklı ve derli toplu cevabı bulup vermek gibi entelektüel sıfatın en önemli bilimlerine sahip olması, inandırıcı bir şekilde konuşma ve diğerleri inandırma kabiliyeti olması lazım. Böyle bir sağlam temel üzerinde bi'lerin belagat sahipliliği oluşur ve kendisinin düşünmeye hevesi artar. Tam

bu keyfiyet sayesinde bi'ler halkın diđer sosyal tabakaları çevresinden ayrıılıp tabii yollarla İstep bölgesinin sosyal ve siyasi hayatının hakimleriyle hakem oluyorlardı.

Yapılacak hizmete ve bi'yin zedegarlığına bađlı olarak bi'ler sosyal ve siyasi aşama sırasında deđişik seviyeye sahip oluyordu. Bi'lerin içinde çok meşhurları, daha az tanınmış, genel kazak bi'leri, juz, bölge ve yerel hakim-bi'ler vardı. Kazak hakkaniyetin geleneklerini iyi bilen rus bilgin ve memurlarının bi'lerin hakim, hukukçu, yasalıcı ve kazak «jargı» hukuđun kaidelerini yorumcu oldukları hakkında sözleri ilk sırada bi tabakasının «komutancı», yüksek kısmını içerirdi. Bu aşamaya varmak zordu ve bu işi sadece istidatlı, gerçi mahkeme işini doğruya ve adalete bađlayabilen bi yapabiliirdi. Ancak bu bi hakkında bütün istekte konuşulurdu, onun zedegarlığı veya uyruđu hakkında deđil daha çok bir karışık ihtilaflı dava üzerinde iki karşı tarafın menfaatlerine uygun gelen, halkları birbirine yaklaştıran ve çođu halde standartlı olmayan kararın alınmasındaki anıklığı hakkında konuşulurdu. Ve bu arada alınmış kararın sözle mantıklı delili ve usulü önemli sayılır. Kararın delillenmesinde hem halk alanı ile hakim olarak tanınmış olan tüm kazak veya bölgesel otoritelerin emsal ve sözlerine atfedilir hem de nesillerin bugünü ve geleceđi için belagatın geleneksel usulleri kullanarak ihtilaflarla münakaşalardan göçmen toplumlar ile aile-kuşak arasında barış ve dürüst temaslara geçmenin gerekli olduđu ispat edilir.

*ZIMANOV S.Z.
KC İlimler akademisi üyesi.*

The foreword

One of the original features of evolution and life of the Kazakh nomadic society was traditional power of word and eloquence, which was cultural belonging in various spheres of mutual relations and the main source of the population. It was uneasy to answer the question, which was more effective for family, kin and corporate associations of the nomads: influence of authority of governors or influence of authority of literature and eloquence. Perhaps, the authority of rhetoric was more effective and powerful. Therefore, every stepper since his birth aspired to master the tradition of speaking and eloquence as tool of social recognition. Those who succeeded and preferred the social recognitions among their relatives, applied for greater social recognitions passing through the stages of tests before known wise men and only after that he became notable, sometimes a biy-judge, i.e. owner of the highest public position in the region.

The kazakh biys were given the titles as 'Ot auyzdy, oraq tildi' in the national historical memory, in the folklore and written literature of different years. It is difficult to translate textually but it means 'fiery speeches', i.e. a silver-tongued orator who possesses the gift to conduct victorious dialogues in competitions and decides disputes of the arguing sides as 'a sharp knife'. There are some exaggerations in this image of biys. Actually, biys, their representatives were such masters who had reached the highest knowledge in characteristic understanding of steppe nomads.

In the previous volumes of the given 'Multivolume' we mentioned and described several times the general features of the East Desht-i-Kipchak Steppe Kazakhs which were characteristic for the medieval nomads. At the same time, we mentioned the significant peculiarities of their historical way, life cycles, distinguishing them from the neighboring nomads of the Central - Asian region in many respects. They had the common way of life but each ethnic community mastered nomadic life on their own way. The huge pasturable space, including open spaces of eternal wood zones in the north, fruitful valleys and favorable grounds in banks of the great rivers of Syr-Darya, Amu-Darya in the south of the Central Asia made significant influence on formation of mentalities and standards of spirituality of the Kazakh nomadic society. In the physical appearances of the Kazakhs - nomads were seen primordially historical features of freedom and love for peaceful life. The Kazakhs were formed as ethnic generality from nomadic groups and collectives, which had broken away from the basic amorphous political associations in searches of freedom and the free pasturable grounds in the remote past as it said on various data. The Empire of word and the

Empire of legality, these two uncommon processes with the natural beginnings, were formed and affirmed on that spatial and time base in the Kazakh nomadic society. On the field of these processes from social authorities and factors, biys, allocated by eminence and 'heaven' knowledge as 'elite' layer of the society, played the leading parts who had actually concentrated judicial — administrative authority of small and big nomadic collectives in their hands, and they managed to do it by individual prosperity and social recognition. The historical role of biys ennobling their dignity and art of democracy was those. Enormous authority of the Word, i.e. power of its perception by people and influences on consciousness, beliefs of nomads transformed the art of word into a component of spirituality of the population. Biys were the first carriers of exclusive spirit of rhetoric and judicial authority consolidating the society based on norms of the Kazakh law 'Jarghi', absorbed ideals of natural school of the truth and national character in many respects.

The present volume includes not only images of eloquence of biys, but some cases and moral — instructive statements of them, inverted by the citizen and those who had the authority in their hands. They were stated in style of teaching, moral rules and the codes expressed in easy remembered rhymed forms. So, for example the great biys which names were known in all parts of the extensive Steppe, said the following codes: 'Bilip aitqan sozge qun jetpeidi, tauyp aitqan sozge syn jetpeidi' (Tole biy, 1613 — 1756) — 'The words stated by consciousness are invaluable and more truthful'; 'Atadan jaqsy oul tusa elining tuy bolady, atadan jaman oul tusa koshining eng songy bolady' (Kazybek biy, 1666 — 1763) — 'If the worthy son is born he will become a leader of people and if the worthless son is born — he will be the shame of the people'; 'Jigitting eng jaqsysy durys sozge toqtai bilgen, basqanyda sozge toqtata bilgen' (Aiteke biy, 1667 — 1727) 'Clever man is that one who has the ability to listen to the others and can convince others by words'; 'El yesi qut bolsa, khalqy ala bolmaidy' (Bukhar biy, 1685 — 1777) — 'If the governor is noble — there won't be any betrayers among his citizens'.

The rank of a biy was not given by random or letter of governors. It was deserved by the personal merit appreciated by a number of test steps, and advantage of fidelity to fair acts. Education of the future applicants for that rank has begun since the childhood both in family, and at exclusive and kin 'schools' of skilled wise men-biys, frequently travelled on trail cases through the steppe. When they have become adults they should confirm their talent, necessary for the resolution of disputes and conflicts having place in nomadic society of the Kazakhs. The future biy should study and seize the important complex of intellectual qualities, such as a skill to find and make logically harmonious answers to vital and abstract questions, ability to speak convincingly and to convince others. The eloquence and aspiration to self-reflection were formed on this base. Biys were allocated from other social layers of the population who had these qualities and became judges and arbitrators in political life of the Steppe in the natural way.

Depending on services and eminences, biys occupied various positions in political hierarchy. There were well-known, less known, national, from juzes, regional and local ones among them. Sayings of Russian scientists and officials, who were familiar with

the Kazakh traditions of judicial system, mean the following that biys were judges, lawyers, jurists and interpreters of norms of the Kazakh law 'Jarghi' at the same time and first of all, refer to biys, representing 'command', the top part of biy layer. To reach that step was difficult and depended exclusively on talent and skill to embody the truth and validity in real judgement matters. The whole steppe should talk not about his eminence or origin, but about his talent to find consolidating the public and quite often non-standard decisions in the most confusing and difficult disputed cases to satisfy the interests of the contradictory sides. The methods and verbal logic of substantiation of such decision were as important as referring to statements and precedents of national or regional authorities recognized as national tribunes and judges. He had to use traditional toolkits of the eloquence, which was necessary to prove the importance of passing from conflicts and disputes to peace and loyal relations between nomadic collectives and family — patrimonial branches for the sake of the future generations.

Academician of the NAS of the RK
ZIMANOV S.Z.



1-бөлім

ҚАЗАҚТЫҢ БИЛЕР СОТЫ
ҰРПАҚТАР ЖАДЫНДА ТӘУЕЛСІЗ,
КӘСІБИ ЖӘНЕ ӘДІЛСӨТ
РЕТІНДЕ САҚТАЛДЫ



Часть 1

КАЗАХСКИЙ СУД, БИЕВ СОХРАНИЛСЯ
И УТВЕРДИЛСЯ В ПАМЯТИ
ПОКОЛЕНИЙ КАК НЕЗАВИСИМОЕ,
ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ,
И МУДРОЕ ПРАВОСУДИЕ



Қазақтың билер соты ұрпақтар жадында тәуелсіз, кәсіби және әділсот ретінде сақталды

Әр халықтың көп ғасырлық тарихында келесі ұрпақтар бойында мақтаныш сезімін туғызатын оқиғалар, белгілі күндер мен тұлғалар болады. Ұрпақтар осы жайларды естен кетпес елеулі кезең, өткен тарихымыздың рухани байлығы деп еске түсіреді. Ал, сирек болса да өркениеттік маңызы, тіпті адамзаттық құндылығы бар жаңа ұрпақтар өміріне бойлай сіңіп, олардың ішкі сезімінде тұрақты орын алған құрылымдар мен мекемелерде кездеседі. Олар қоғам мүшелері ойында болашаққа бағыт және орны бөлек мұра ретінде сақталады. Осындай ұмытылмайтын тарихи құбылыс қазақ өмірінде де болды — ол әділсоттың «Алтын ғасыры» деген атқа ие болған, түріктер-қазақтардың көшпелі қоғамы қойнауында қалыптасқан билер соты. Билер соты тұғырынан тайған кезде де халықтың жадында өміршең сөнбейтін шырақ ретінде сақталды.

Сот ғасырлар бойы, қай қоғамда болмасын, билік пен ел басқарудың мәні мен сәні болып табылатын. Ең алдымен сот мекемелеріне қарап қоғамдағы билік жайлы, оның халық мүддесі алдындағы адалдығы туралы пікір қалыптасады. Шын мәнінде, мұндай ұғым сот ауыртпалығын көбірек шегетін көпшілік арасында басым болады. Көшпелі қазақ қоғамының тірегі болған билер соты тарих қойнауында қалып қойса да оның беделі арта түсті, өзгерген өмірге қарамастан, бүгінде де көпшілік арасында оның ішінде қазіргі билік басындағылардың да қайғысы мен қуанышының игілігіне айналды. Бұл оғаш пікір емес — билер әділсотының құндылығын аңсаған шындық.

Осы жерде «көшпелі қазақ қоғамындағы билер соты» деген ұғымды анықтап алған жөн. Сөз көшпелі қазақ қоғамын даралап бөліп алып, оны отырықшы және қалалық қауымдардан алшақтату емес, олармен арадағы байланыстарын жоққа шығару емес, керісінше, көшпелі қазақ қауымдарының өзіндік ерекшеліктерін, құнды-құнды, тіпті әлемдік маңызы бар жетілген құбылыстарын айырып айту мақсаты көзделді. Осындай жете назар аударатын, ерекше бөліп көрсететін құбылыс — ол билер әділсоты. Билер соты үстем болған дәуірдің сот жүйесінің «Алтын ғасыры» деп аталуы, оның дүниеге келуі, осындай мәртебеге ие болуы Орталық-азия ұлан-байтақ кеңістікті алып жатқан көшпелі қазақ дала өлкесіне байланысты, оның туындысы. Отырықшы, мұсылман діні көбірек тараған көрші өңірлер мен елдердің басқару үлгісі, олардың тән заңдары мен тәртіптері қазақтың көшпелі қоғамының өзіндік дамуымен ішкі ырғағына айтарлықтай өзгерту әсерін тигізген жоқ, керісінше, белгілі деңгейде оның сақталуына, нығаюына қызмет етті.

1. Билер соты Республиканың қазіргі мемлекеттік қайраткерлері үшін де идеял болды

Кеңестік билік жылдарында Қазақ Республикасын ұзақ жылдар басқарған, Кеңес одағы Коммунистер партиясының Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Коммунистер партиясы Орталық Комитетінің Бірінші секретары Д.А.Қонаев қазақтың атақты билерінің бірі — Төле биді ерекше құрметтеген. Оның үйіндегі жұмыс үстелінде аса сыйлайтын «үш сурет болған: өзі — Димаш Ахметұлының, Төле би (ортасында) және жұбайы Зухра Шарипованың суреттері тұрған»¹. Егер де коммунистер идеологиясының Совет үкіметі құрамындағы Орта Азия халықтарының өткен тарихына теріс көзқараста болғандығын ескерсек, оған қарамастан Д.А. Қонаев мырзаның қазақ билеріне деген ниеті, олардың тарихтағы орнын аңғартады.

Қазақ ССР Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы Бірінші хатшысы, тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш және қазіргі Президенті (1990 жылдан бері) Н.Ә.Назарбаев өзінің ресми баяндамаларының бірінде ежелгі қазақ билерін — соттарды «мүлтіксіз әділ, от ауызды, орақ тілді шешендер» деп атады. XVII—XVIII ғасырларда өмір сүрген, Дала өлкесінде әділсоттың «Алтын ғасыры» жаңғырығына жол ашқан ұлы тұлғалар, атап айтқанда Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би жөнінде Н.Ә. Назарбаев былай деген еді: *«Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қиын-ақ... Үш данағөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес»*². Бүгінгі Қазақстанда билер соты, сот билігі деген атаулар мен ұғымдар қазіргі уақытта да сот жүйесінде әділдік, кәсібилік үлгісіне лайықты еліктеу ретінде ресми түрде қолданылады. Республикада аса күрделі қылмыстық істерді қарауда әділдікті ең жоғары деңгейде қамтамасыз ету идеясымен енгізілген сот алқасы «Билер алқасы» деп атала бастады. Осының өзі де қазақ тарихындағы билер әділсотының деңгейінің биік болғандығын, әділдік және адалдық жолындағы маңызын көз алдымызға елестетеді.

Сол билер әділсоты үстем болған арада талай ғасырлар өткеніне қарамастан, қоғамдық-саяси өмірде түбегейлі өзгерістердің болғандығына қарамастан бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республиканың сот жүйелеріне билер әділсот үлгілерін, номинациясын кең түрде енгізу төңірегінде пікірталасы жиі күн тәртібіне қойылуда. Біз үшін осы мәселенің қабылдануы немесе қабылданбауы маңызды емес. Ең маңыздысы — билер әділсотының ел өміріндегі тарихи орнын мойындау, оның бүгінгі қазақ мемлекетін демократияландыру саясатында құнды қызмет атқара алатын мүмкіндігі болып табылады.

¹ Даутов С. Абыз, или уважение к минувшему // Вечерний Алматы, 2006. 24 тамыз.

² Назарбаев Н.Ә. Егемендікке бес жыл. Алматы: Қазақстан, 1996. 177 — 192-беттер.

2. Көшпелі қазақ қоғамында билер соты жөнінде зерттеу желісі

Адамзат тарихи қарама-қайшылықтарға толы, сырттай қарағанда жетілмеген, шала өмір болып көрінеді. Кейде солардың ретсіздігінен араларында әдеттегідей үйреншікті ұғымға сыймайтын жалпыадамзат құндылығы бар құбылыстар да елеу-сіз қалып қоюы мүмкін. Осындай жұмбақ құбылыстардың бірі — ол еуропалық өркениет тұрғысынан қарағанда артта қалған деп есептелген көшпелі қазақ қоғамында мейлінше беделді дәрежеге ие болған билер әділсоты еді. Қазақ Дала өлкесінде, қандай мақсатпен болмасын XII — XIX ғасырлардың аралығында болып кеткен еуропалық елдер өкілдерінің көпшілігі бұл өңірде артта қалған көшпелілер, «жартылай жабайы», руларға бөлінген, ұлан-ғайыр жайылымдық кеңістікті жайлаған халықтар тұрады деп суреттеген, олардың басқару-билік ерекшеліктерін жете көрмеген. Солардың ішіндегі жеке ой-озықтары ғана, әсіресе соңғы кездегі шығыстанушылар ғана көшпелі қазақ еліндегі басқару-билік жүйесіне мән бере бастаған. Олардың көрсеткеніндей, көшпелілер қоғамы басқару саласында бір жағынан көпті көрген, тәжірибесі мол, сезімтал, сөзшең-шешен, әділет туын жоғары ұстаған адамдардың беделі артық болған, құрметке бөленген. Көшпелі қазақ елінің азиялық және еуропалық өркениеттер орталығынан алыс жатуы, оның «көшпелі артта қалушылығы» еуроазиялық оқымысты элитаның назарына кешірек ілінуіне себеп болды. Алғашқы шетел зерттеушілері, әсіресе орыс «шығыстанушылары» тек XIX ғасырдың басында ғана қазақ өңірінде көріне бастады. Олар қазақ қоғамының ішкі құрылымында орын алған қоғамдық ой мен тұрмыста қалыптасқан шешендік, заңдылық, сөз құдіреті секілді құндылықтарды жария ете бастады. XIX ғасырдың 20 жылдарында қазақ даласын көзімен көрген ғылыми еңбектерімен әлемдік даңққа ие болған, орыстың атақты ғалымы, шығыстанушы А.И. Левшин былай деп жазған еді: «Көп білетін, ақылды Кіші жүз қазақтарының айтуы бойынша бұрында халық тыныштықта өмір сүрген, ол заманда елде тәртіп болған. Қазақтар аңсап еске алатын сол «Алтын ғасыр» Тәуке хан билік құрған заманда болған сияқты. Тәукенің атын атаса-ақ бар қазақ күрсініп оны еске алады. Егерде бұл аңызға сенсек, онда ол ханды әлемге әйгілі Солон мен Ликург қатарларына қоюға болады. Ол талай жылдар бойы алауыз болған елді сабаға түсіріп, ру мен рудың арасындағы айтыс-тартысты тоқтатты, тәртіп орнатты, заңдар шығарды. Ал, Ұлы жүз, Орта жүз қазақтарының айтуы бойынша бұндай тәртіп Тәуке ханнан да бұрын дүниеге келген¹.

А.И. Левшиннің, бұл пікірі жол үсті айтыла салған естелік емес, мұқият зерттеудің нәтижесі. Ол көшпелі қазақ қоғамының түбегейлі өзіндік сырлары мен ерекшеліктерін ашты, өткен дәуірдегі ел бірлігінің, заң күшінің беделді болғандығын атап көрсетті. Автордың айтуы бойынша қазақ қоғамындағы тәртіппен заңдылық орнатуда әділсоттың рөлі зор болған. Әділсоттың «Алтын ғасыр»

¹ *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832. Ч. III, 169-бет.

аталуы да осыған байланысты. Бұл арада ескеретін бір жайт — ол әділсот деп билер сотын айтып отыр, заманына лайықты құрылған әділдік пен шындықты, «тура биде туған жоқ» деген ұранды басшылыққа алған билер басқарған соттар туралы сөз болып отыр. Бұл жөнінде кейінірек кеңірек тоқталамыз. Әділсот халықтық рейтинг — «Алтын ғасыр» сатысына көтерілуі үшін ол ерекше нышандарға ие болуы, әрі өзі тектес көшпелі қоғамдағы, дәстүрлі мекемелерден ерекшеленіп тұруы тиіс еді. Осы қатаң талапқа «әділсот» атанған билер соты сәйкес келді.

А.И. Левшин мәлімдемесіндегі тағы да бір құнды жайтты атап өтуге тиістіміз. Ол «көп білетін, ақылды» қазақтар «алтын ғасырды» қазақ қоғамында XVIII ғасырдың соңғы ширегінде билік құрған Тәуке ханның кезеңімен байланыстырады деп көрсетеді. Халықтың жадында сақталған бұл мағлұмат кездейсоқ емес. Тәуке хан тұсында, оған дейін ханның сүйеніші болған шыңғыс хан тұқымдары — сұлтандардың қоғам саяси өміріндегі ықпалы азайып, қарадан шыққан билер тобының әсерімен беделі арта түсті. Тәуке хан өзінің мемлекеттік саясатын жүргізуде билер тобына көбірек сүйенді, билер кеңесін жиі шақырды, ішкі және сыртқы саясаттың, маңызды мәселелерін билер кеңесінің талқысына салды. Бұл кездейсоқ жаңалық болған жоқ, алдыңғы кезеңдер дамуының нәтижесі болды. Тәуке ханның еңбегі — ол өзінің мемлекеттік саясатын іске асыруда, қоғамның әкімшілік-басқару жүйесін тәртіпке салуда билер әділсотының беделіне сүйенді, оны негізгі қару ретінде пайдаланды.

Билер әділсотының қалыптасуы Қазақстан тарихының қай кезеңіне жатады деген сұраққа келсек, ол ғасырлар бойы қалыптасты, ұлттық масштаб құбылысы ретінде Қасым хан заманында (XVI ғасыр) күш ала бастады, ал шарықтау кезеңі Тәуке хан билік құрған дәуірге сәйкес келеді. Көшпелі елдің өмір үлгісі — оның консервативтігі. Билер әділсоты ғасырлар бойы жетіліп шынықты, консервативті дәрежеге ие болды, қоғамдық-саяси күшке айналды. Билер әділсотының жекелеген тірі өкілдері XX ғасырдың басына дейін өмір сүрді. Ел, халық мүддесін көбірек ойлаған қазақ хандары көшпелі қоғамда тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз етуде, Орталық-азия ұлан байтақ кеңістігінде шашыраңқы орналасқан көшпелі қазақтар бірлігін сақтауда, оны нығайтуда билер әділсоты беделіне арқа сүйеп, биліктерін жүргізді.

Атақты орыс шығыстанушысы, профессор В.В. Григорьев көшпелі қазақтар өмірі мен олардың ішкі құрылымын зерттеуде ерекше еңбек сіңірген, аса білімді ғалым еді. Оның басқалардан артықшылығы — ең алдымен Дала өлкесі халқының тілі мен тұрмысын жетік білуді, мақсат етті. Ол XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресей патшасының тағайындауымен Орынбор қаласына орналасқан Қазақстанның Батыс бөлігін басқаруды өз қолына алды. Осы кезеңнен бастап он жылдай бойы қазақ қоғамымен тығыз қарым-қатынаста болды, ру-руға бөлініп көшіп жүрген жақын және алыс ауылдарды аралады. Бұның үстіне профессор В.В. Григорьев Орталық Ресей архивтеріндегі қазақтар жайлы материалдармен танысты. Ол шығыс-түрік халықтарының тарихын салыстырмалы талдауға арналған еңбектерінің бірінде қазақ қоғамы туралы былай деп жазады: «Әдетте көшпелілерді негізінен экономикалық және интеллектуалдық дамуға қарама-

қарсы деп санайды. Бұл тұжырым шындыққа сәйкес келмейді»¹. Ол өз ойын өз сөзімен айтқанда былай деп қорытындылайды: «В постушеских еще обществах возникает иногда, как видим у киргизов (казахов — С.З.) такое превосходное судопроизводство и такие порядки следственного и судебного процесса, каким могут позавидовать многие издавна цивилизовавшиеся народы»². Қазақшасы: «Малшылықпен айналысқан қоғамда, атап айтқанда, біз көріп отырғанымыздай қазақтар қоғамындағы сот жүргізу, сот тергеу тәртібін көзімен көре қалса ертеден өскен, өркениет деңгейінде дамыған халықтар таңғалып қызғанышпен қарар еді».

Билер соты және қазақ құқығы «Жарғы» жөнінде профессор В.В. Григорьевтің пікірін шығыстанушы, орыс ғұламасы Л.А. Словохотов та қолдады. Ол Қазақстандағы патшалық әкімшілік мекемелерінде ұзақ жылдар жұмыс істеді, қазақ тілін жетік оқып үйренді, осы тілде еркін сөйледі, жергілікті белгілі ұлт қайраткерлерімен тығыз байланыста болды. Ол көшпелі қазақ қоғамындағы әділсот жөнінде арнайы еңбек жазды³. Дала өлкесінде билер жүргізген әділсотты автор «любимая народам и следовательно действительная судебная власть»⁴ — «халық ұнататын әрі шынайы сот билігі», — деп бағалады. Ол билер сотын «үздік», «халықтық», «айыптаушылық қасиеті» шектелген, халыққа түсінікті әрі жақын, әрі бәсеке сипатқа ие әділсот еді деп көрсетті. Оның пікірінше өз тілінде айтсақ, «Народное судопроизводство киргиз (казахов — С.З.) гласно, публично, несложно, непродолжительное. Долгими годами своей жизни народ выработал своеобразную, но вполне ему понятную структуру судебных процессов, обходя столь вредный бюрократический элемент» — «Қырғыздардың (қазақтардың С.З.) халықтық сот ісін жүргізуі жария, ашық, ыңғайлы әрі тұжырымды. Халық ұзақ жылдар бойы аса зиянды бюрократиялық элементті айналып өтіп өзіндік, бірақ өзіне толық ыңғайлы, жайлы сот тәртібін қалыптастырды» — деп жазды.

3. ХІХ және ХХ ғасырдың басындағы ұлттық мәдениет қайраткерлерінің билер сотын бағалауы

Дала өлкесінде ұлттық зиялылар қауымы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қалыптасты. Олардың көпшілігі Ресей және орыс мәдениетімен тығыз байланыста өрбіді. Бірен-саран дарындылары Шығыстың ғылыми орталықтарынан тәлім-тәрбие алды. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы, алғашында саны аз болса да, орыс, еуропалық мәдениет аясында олардың алдыңғы қатарлы дәстүрлерімен байланыста өсті. Қайда қызмет еткеніне қарамастан олар көшпелілер өмірімен тығыз байланыста болды, кейбіреуі атақты ғалымдар мен ойшылдар қатарына қосылды.

¹ Григорьев В.В. О скифском народе саках. Переиздание. Алматы, 1898. 43-бет.

² Сонда, 44-бет.

³ Словохотов Л.А. Народный суд обычного права киргиз Малой орды // Труды оренбургской ученой архивной комиссии, вып XV., Оренбург, 1905.

⁴ Сонда 80 — 81-беттер.

Көшпелі қазақ қоғамының ортасынан шыққан, оның ұжымдық, рулық құрылымын, ішкі өмір сүру тәсілдерін жете білген ұлттық зиялылар өкілдерінің еңбектері мен жазбалары, пікірлері әсіресе құнды. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан халық санасына әбден сіңген аңыздар ғана емес, ХІХ ғасырдың алғашқы кезеңіне шейін ел арасында, әсіресе отаршылық саясаттың ықпалы әлі де шала қамтыған алыстағы қазақ ауылдарында күшін жоймаған билер әділсотын олар көздерімен көрді. Осындай қазақ зиялыларының жұлдызы саналған, бүкіл Ресей шығыстанушы ғалымдарының арасында ерекше, жоғары беделге ие болған кемеңгер зерттеуші Шоқан Уәлихановтың (1835—1865) мұрасы аса құнды. Ол, Ресей отаршылары қазақ даласындағы ғасырлар бойы дәстүрге айналған билер сотын жойып, оның орнына үкіметке бағынышты жаңа сот жүйесін орнатуды күн тәртібіндегі саясат етіп қойған кезеңде жоғары тұрған органдарға хат жолдады. Хатында: қазақ қоғамының ішкі тұрақтылығы мен тыныштығы үшін, сондай-ақ отаршыл самодержавиенің өзінің мүддесі үшін мұндай қадамдарға бармауға шақырды. Ол «Ежелгі халықтық үлгідегі билер соты» атты еңбегінде былай деп жазды: «Биді ресми түрде ешкім сайламайды да, ресми түрде ешкім бекітпейді де, Европадағы ақындар, ғалымдар, адвокаттар сияқты билердің атағы, маңызы, олардың жеке бедел әсеріне негізделген. Шекспир мен Гетені әлейім халық ұлы ақын санайды, бірақ олардың ұлылығы туралы пікір үкіметтің декретімен немесе халықтың сайлауына сәйкес негізделмеген». «...Солар сияқты қазақ әділсотының беделі билердің Дала заңдарын терең білгендігімен, олардың шешендік қабілетіне байланысты болған»; «Билер соты ауызша, халық алдында жария жүргізілді, барлық жағдайда да адвокатура араласты. Оның халықтың құрметіне бөленгені соншалық, оған ешқандай да «әдейі тәртіпке шақыру құралдары мен шараларының» бұрын да, қазірге дейін де керегі болған жоқ»; «Біздің пікірімізше, билер сотының басты артықшылығы немқұрайдылық пен әр түрлі ресми кертартпалықтың жоқтығы. Бидің мәні беделге негізделген және бұл атақ сот практикасына деген патент тәрізді»¹.

Бүгінде әлемнің шартарабына танымал, Мәскеу қаласының орталық тұйық көшелерінің біріне мүсіні орнатылған қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев (1845—1904) бұрынғы уақытта әділсоттың «Алтын ғасырының» мәнін құраған билер және билер соты жайында былай деп жазды: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді... Рас, бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт, жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен»².

ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы саяси ұлт-азаттық қозғалыстың ірі өкілі, оқымысты, зиялы Әлихан Бөкейханов талай рет билер соты мәні, үлгісі

¹ Ш. Уәлиханов Собр. соч. Т. I. Алма-Ата, 1985. 494—523-беттер.

² А. Құнанбаев. Екі томдық шығармаларының толық жинағы. 2-том. Алматы, 1997, 16—17-беттер.